

«Бекітемін»
«25» тамыз 2017 жыл
Пед. кеңестің
№ 1 хаттамасы бойынша
бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі:  С.Белебаева



**Ордабасы аудандық білім бөліміне
қарасты «Балауса» бөбекжай-
балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының
2017-2018 оқу жылына арналған
жылдық жоспары**

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасының жылдық (өндірістік)
жоспарының структуралық моделі:**

1. Ұйымдастыру жұмыстары

- 1.1. Кіріспе *(балабақша жайлы толық мағлұмат)*
- 1.2. Өткен 2016-2017 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың есебі
(атқарылған жұмыстарға толық, жан-жақты талдау жасалуы қажет, проблемалары көрсетілуі керек).
- 1.3. 2017-2018 жаңа оқу жылының мақсаттары мен міндеттері

2. Кадрлармен жұмыс

- 2.1. Педагог кадрлар жөнінде мәлімет
- 2.2. Педагогикалық кеңес жоспары және ондағы қаралатын мәселелер, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері
- 2.3. Жаңа технологияларды ендіру жоспары
- 2.4. Семинарлар, тренингтер, консультациялық кеңестер беру, нұсқаулықтар беру жұмыстар
- 2.5. Озық іс-тәжірибені үйрену және оны тарату
- 2.6. Педагогикалық кадрларды іріктеу шаралары және қызметкерлердің өз білімін көтеруі туралы
- 2.7. Әдістемелік кабинеттің жұмыстары туралы
- 2.8. Өндірістік кеңес және ондағы қаралатын мәселелер
- 2.9. Меңгерушісі жанындағы кеңес және ондағы қаралатын мәселелер
- 2.10. Медициналық қызметтің ұйымдастырылуы

3. Балалармен жұмыстар

- 3.1. Ертеңгіліктер, серуендер
- 3.2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау
- 3.3. Дене шынықтыру және сауықтыру шаралары
- 3.4. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары

4. Құқықтық тәрбие жұмыстары

- 4.1. Педагог кадрлардың құқықтық білімін көтеру, нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау жұмыстарының іс-шаралары
- 4.2. Балалардың құқығын қорғау жұмыстарының іс-шаралары

5. Бақылау мен басқару

5.1. Балабақша ішілік оқу-тәрбие жұмыстарына бақылау жасау жоспары

6. Ата-аналармен жұмыс

6.1. Балабақшаның ата-аналармен ынтымақтастықта атқарылатын жұмыстарының жоспары, ашық есік күндерінің ұйымдастырылуы

6.2. Оның ішінде әр топтың ата-аналармен атқарылатын жұмыстары

6.3. Топтық және балабақшаның ата-аналар жиналыстары, хаттамалары

7. Балабақшаның басқа мекемелермен байланысы

7.1. Мектептің бастауыш сыныптарымен, дәріханамен, мұражаймен және басқа балабақшалармен өзара байланыс жұмыстарының жоспарлары

8. Әкімшілік-шаруашылық жұмысы

8.1. Жылу жүйесі, балабақша ғимаратының жағдайы туралы, балабақша ауласын, аумағын абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары, жиһаз, ойыншықтары, кітаптар мен оқулықтар алу жұмыстары, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері.

I.Кіріспе

Ордабасы аудандық білім бөліміне қарасты МКҚК «Балауса» бөбекжай балабақшасы мына мекен-жайы бойынша орналасқан: Ордабасы ауданы, Шұбар елді мекенінде Жандосов көшесі №8 үй
«Балауса» бөбекжай балабақшасы МКҚК

Пошталық индексі 160616

Жоба қуаттылығы 50

Тіл оқыту (қазақша, орысша, аралас)-қазақ тілі

Білім мекемесінің аттестациядан өткен жылы – Б№753 04.12.2013ж

Ғимарат түрі- 1-қабатты ыңғайластырылған

04.12.2013.

Жалпы көлемі пайдалы-415,4

Қолдануға берілген жылы - 1961 жыл

Құрылыс ауданы – 273,3

Балабақша мекемесі ыңғайластырылған, онда балалардың ойын бөлмелері, жатын бөлмелері және меңгеруші, медициналық, әдіскер бөлмелері орналасқан. Асхана, кір жуатын орын және басқа да шаруашылық құрылыстар мекемеден бөлек жайда орналасқан. Балабақша 2005 жылы қыркүйек айында ашылды. Қазіргі таңда балабақшада 50 бала тәрбиеленуде.

Ерте жастағы топ 1 жастан бастап 2 жасқа дейін – 15 бала

II – кіші топ 3 жастан бастап 4 жасқа дейін – 15 бала

Ортаңғы топ 4 жастан бастап 5 жасқа дейін – 20 бала

1.2. Өткен оқу жылының жұмысын талдау (2016-2017 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың есебі)

Балабақша 2016-2017 оқу жылында мына төмендегі міндеттерді алға қоя отырып жұмыс жасады.

1. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде баланың жеке белсенділігін дамыту

2. «Денсаулық» және «Таным» білім салаларында білім алу құзіреттілігін қалыптастыру

Тәрбиеленушілер контингенті

2016-2017 оқу жылында тәрбиеленушілер саны 50 баланы құрады.

Балабақшада 2016-2017 оқу жылында топтар төмендегідей реттелген:

1. Ерте жас «Балапан» тобы -15 бала
2. II-кіші топ «Құлыншақ» тобы-15 бала
3. Ортаңғы «Балдәурен» тобы-20 бала

Оқу- әдістемелік жұмыстар

Оқу-тәрбие жұмыстары жылдық жоспарға сай атқарылып отырды..

Жоспар бойынша бір оқу жылына 4 педагогикалық кеңестің отырысы өткізілді. Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер толық қаралып, материалдары жинақталып, хаттамаларда көрініс тапты.

Балабақшадағы оқыту жұмысы «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. ҚР-ның «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жаяуына міндетті стандарты» басшылыққа ала отырып жұмыс жасады.

Оқу-тәрбие ісінде Жүнісбеков пен Зайцевтің баланың жылдам сауатын ашу, санауға үйрету, «Денсаулық сақтау», «Мэмо» технологиялар және ТРИЗ элементтерінің технологиялары, «Дамыта оқыту технологиясы», «Ойын технологиясы» қолданылады. Оқу – тәрбие жұмыстары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты негізінде жүзеге асырылады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығына 1-қосымша «1 жастан 5 (6) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға арналған үлгілік оқу жоспары бойынша топтардың оқу-тәрбие жұмысы жасалды және жоспарға сай өткізілді.

2016-2017оқу жылында 12 ашық ұйымдастырылып, өткізілген.

Барлық ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеттері жоспарда көрсетілген мерзім бойынша өткізілді. Ашық оқу іс-әрекеттерінің материалдары әдістемелік кабинетте сақталуы. Сонымен қатар өндірістік және меңгеруші жанындағы кеңес жылдық жоспарға сай өткізіліп, хатталып, жинақталды.

Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша жыл бойына бағдарламалық талаптар ойдағыдай өз шешімін тапты. Балалардың физикалық денсаулығын ойлауға және тіршілік іс-әрекетінің қауіпсіздік ережесін сақтауға : қозғалыс дағдыларын меңгеріп, түрлі оқиғаларға қатысты өзінің эмоциялық күйін білдіруге, денсаулық сақтау негіздері мен жеке бас тазалық дағдыларын толық меңгеруге мүмкіндік жасалынды. Балаларды өз денсаулығына саналы көзқарасқа тәрбиелеп, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екені түсіндірілді. Ата –аналармен баланың денсаулығын қорғау және дамыту жолында отбасымен байланыс жұмыстары нығайтылды.

«Денсаулық» саласы бойынша дене шынықтырудан «Балапан» 1-ші кіші топ тәрбиешісі К. Аманжол «Сау болса деніміз» тақырыбында, ерте жас тобының тәрбиешісі С.Инкарбекова «Дене мүшелері», II-кіші топ тәрбиешісі Н.Әбдірәсіл «Бір орнында қос аяқтап секіру» тақырыбында ашық оқу іс-әрекеттерін өткізді.Барлығыда стандарт талабына сай болды.Шынықтыру – сауықтыру жұмыстарының қорытындысы, өтілу сапасы қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелінді.

«Қатынас» білім беру саласы бағдарламасының барлық бөлімдері

бойынша ауызша қатынастың алуан түрлі құралдарын мемлекеттік тілде қарым-қатынас өзара іс-әрекет кұруда пайдалануды: тілдің қажетті лексикалық және грамматикалық құралдарын талдау және оларды ойындарда, сөздік шығармашылықта және іс-әрекеттің басқа түрінде пайдалану мүмкіндіктері меңгертілді.

1.Тілдің дыбысталу мәдениетін, сөздік қорларын байыту және сөздерді дұрыс байланыстыра сөйлеуге үйрету мақсатында «Балдәурен» ортаңғы тобында тәрбиеші Н. Бекжан «Үй жануарлары», тәрбиеші А. Қабланкулова «Төлдерін ата», С.Инкарбекова «Ғажайып қалта», тақырыбында, К.Аманжол «Қысқы орман», «Көктем» тақырыбындағы, Н.Әбдірәсіл «Ойыншықтар достығы» тақырыбында ашық оқу іс-әрекеттерін өткізді.

2. Баланың жеке тұлғалық танымын дамыту: оның білуге құмарлығын, талаптылыққа, өз бетімен жаңа әсерлерді ізденуге, түрлі әрекеттердегі қабілетін байқау,өзінде туындаған сұрақтарға жауап табуды, кедергілерді шеше білуге үйрету мақсатында күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен күннің екінші жартысындағы әрекеттер бойынша жұмыстар жасалынып отырды. Баланы айналадағы қоршаған әлем туралы, өзі туралы, өзге туралы жалпы көзқарасын дамыту.

Балалардың қазақ тіліндегі сөздік қорын, дыбыстық мәдениетін, қиялы мен тілдік грамматикалық құрылымын жетілдіру және байыту мақсатында «Таным» және «Шығармашылық» білім беру бөлімдері арқылы эксперименттік –ізденістік іс-әрекеттері және оны ұйымдастыру барысы талқыланды.

«Таным» білім саласы бойынша бағдарламалық талаптарға сәйкес балалардың білім деңгейлері салыстырмалы көрсеткіш /индикатор, мониторинг/ бойынша көрсетілген.

Балаларды қоршаған ортаға қызығушылық білдіруге, алға қойған міндеттерге барар қызмет тәсілдерін таңдау, алға қойған мақсатқа жету сенсорлық тәрбиені меңгеру, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру үшін тәрбиешілер ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеттерін өткізді.

Тәрбиеші А. Кабланкулова «Балдәурен» тобында қарапайым математикадан «3- цифрымен таныстыру», Сенсорикадан тәрбиеші С. Инкарбекова «Дене мүшелері», II-ші кіші топ тәрбиешісі Н.Әбдірәсіл қарапайым математикадан «Күнге қонаққа бару», қоршаған ортамен танысуда «Сиқырлы қорапша», II-ші кіші топ тәрбиешісі Ш.Мусаева қарапайым математикадан «Көктемгі жайлауда» тақырыптарында ашық оқу іс-әрекеттерін өткізді.

Жыл мезгілдері бойынша сауықтыру- шынықтыру шаралары өз уақытында өткізіліп тұрды. Атап көрсетер болсақ, ортаңғы «Балдәурен» тобында «Дені саудың –жаны сау», «Шынықсаң шымыр боласың», «Біз аяздан қорықпаймыз», тақырыбында сауықтыру шаралары өткізілді.

«Қыс мереке, қыс думан», «Доптар патшалығы» ойын –сауықтары өткізілді.

«Мен спортты жақсы көрем» тақырыбында топтар арасында қазан айында эстафеталық жарыстар өткізілді. «Қимыл-қозғалыс арқылы табиғатпен таныстыру» тақырыбында топаралық ойын –сауық ұйымдастырылды.

Шынықтыру- сауықтыру жұмыстарының қорытындысы, өтілу сапасы меңгеруші жанындағы кеңесте талқыланып, қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелінді.

Желтоқсан айындағы меңгеруші жанындағы кеңесте топ тәрбиешілері «Денсаулық» саласындағы қимылды ойындардың бала өміріндегі маңызы талқыланды.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша оқу жылында балалар музыка, өнер туралы білімдер негізіне қызығушылық танытып, көркем туындылар және халықтық шығармашылыққа өзінің қатынасын білдіруге мүмкіндік алды. Көркем құралдармен жеке көркем образдар жасауларына толық жағдай жасалынды.

«Балдәурен» ортаңғы тобында тәрбиеші Н. Бекжан «Әдемі мерекелік жалаушалар» тақырыбында аппликациядан, II-ші кіші топта тәрбиеші Н.Кумисбаева «Құстар» тақырыптар бойынша ашық оқу-іс әрекетін ұйымдастырып, педагог көңілінен шықты. Әр топтың сурет салу, жапсыру оқу іс-әрекеттері бойынша кестеге сәйкес орындалған жұмыстары жинақтаып отырды.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласы бойынша :

- Қарапайым әдептілік ережелерінің негізінде қарым-қатынас пен өзара әрекетке қатысуға дайын мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын қалыптастыру.

- Қоршаған ортада өзін-өзі дұрыс ұстау қабілеттері мен әлеуметтік мәдениет негіздерін меңгерту.

- Отаны мен отбасына сүйіспеншілік сезімін ояту және үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу барысында тәрбиешілер «Мемлекеттік Рәміздер- ұлтымыздың мақтанышы», «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында мерекелік іс-шарасын және ашық оқу іс-әрекеттерін өткізді. Әр топ балалармен ашық оқу іс-әрекеттерін, отанымыз туралы альбомдар жинағын жасап, баяндамалар оқыды.

- Балабақшада, көшеде, қоғамдық орындарда өзін-өзі дұрыс ұстау ережелерін сақтауға үйрету барысында «Балабақша жолы», «Көліктер», «Жолда жүру ережесі» тақырыбында барлық топтарда ашық іс-әрекеттер мен әңгіме жүргізілді. Балаларды жақын адамдарының, құрдастарының, жануарлар мен ертегі кейіпкерлерінің жағдайларына эмоционалдық қарым-қатынас жасауға ынталандыру сияқты тәрбиелер берілді. Сонымен қатар I-кіші топта өзі туралы қарапайым түсініктерін қалыптастырылды. (менің қолым, аяғым, басым, құлағым және бетімде көзім, мұрным, ауызым бар).

Балаға қарапайым туыстық қарым-қатынастары, сүйіспеншілігі мен қандай эмоциялық сезімде болатыны туралы пікірін айтуға ынталандыру мақсатында (Менің әкем, анам, ағам, апам, атам мен әжем, тәтем, көкем бар. Олардың бәрі мені жақсы көреді және маған қамқорлық жасайды) деген сияқты тақырыптарда әңгіме өткізіліп отырды.

Баланың жеке тұлғалық танымын дамыту: оның білуге құмарлығын, талаптылыққа, өз бетімен жаңа әсерлерді ізденуге, түрлі әрекеттердегі қабілетін байқау, өзінде туындаған сұрақтарға жауап табуды, кедергілерді шеше білуге үйрету мақсатында күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен күннің екінші жартысындағы әрекеттер бойынша жұмыстар жасалынып отырды. Баланы айналадағы қоршаған әлем туралы, өзі туралы, өзге туралы жалпы көзқарасын дамыту. Балалардың қазақ тіліндегі сөздік қорын, дыбыстық мәдениетін, қиялы мен тілдік грамматикалық құрылымын жетілдіру және байыту мақсатында №3 меңгеруші жанындағы кеңесте «Таным» және «Шығармашылық» білім беру бөлімдері арқылы эксперименттік –ізденістік іс-әрекетті ұйымдастыру барысы талқыланды.

Балаларды көркем сөзді мәнерлеп оқуға, көркем сөзді тыңдауға қатыстыруға байланысты жұмыстар күнделікті оқу іс-әрекеттерінде және ертеңгіліктерде, мерекеліктерде, күннің екінші жартысында жетілдіріліп отырды.

Қызметкерлермен: Жаңа стандарт бойынша педагогтар отбасы тәрбиесіне қойылатын жалпы талаптармен таныстырылды. Балабақшадағы ата-аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыруға көмектер берілді.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында балалардың денсаулығын бақылау жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп отырды.

Балабақшада жалпыға бірдей құқықтық оқудың жоспары бойынша :

Қызметкерлерімен : Жалпыға бірдей құқықтық оқудың жоспары жасалып, сол жоспарға сай жұмыстар жасалды. Атап айтар болсақ ,мына төмендегі тақырыптар бойынша баяндамалар оқылып, дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

-«Қазақстан Республикасының Конституциясы» , « Бала құқығы және оны қорғау», «Азаматтық құқықтағы жауапкершілік», «Ерікті еңбек ету құқығы туралы түсінік», «Әкімшілік міндеттері », «Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары»;

Балалармен : «Рәміздер –еліміздің белгісі», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасын және тудың түсін, бейнелерін сонымен қатар мемлекеттік әнұранның мәтінін түсіндіру , жатқа білгізу» өз Отанын сүйуге тәрбиелеу мақсатында ашық оқу іс-әрекеттерін және әңгімелесулер өткізді.

Ата-аналармен : «Адам және отбасы», «Отбасындағы балалардың құқығы», тақырыбында баяндамалар оқылып, талқыланды. «Бала және отбасы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

«Балауса» балабақшасының педкадрларының сапалық мәліметі

2017-2018 оқу жылы

к/с	Түпнұсқа аты, әкесінің аты	Ұлты	Туған күні, айы, жылы	Бітірген оқу орны, дипломның берілген жылы, №	Бөлім (күнігі, сырттай)	Трансляция бөлімі	Диплом бойынша маманы	Жалпы еңбек өтілі	Пед. Еңбек өтілі	Сапалық	Аттестациядан өткен жылы	Сағат жүктемесі	Сабак беретін тобы	Марапаттары	Шығармашылық тақырыбы	Жетекшілері	Мекен-жайы телефоны
1	Қабланқұлова Асия Ахметалиевна	қазақ	14.07.1985	ШӘТҮ ЖБ-Б №0704637 2014ж	сырттай	Ақылы	Баст мұғ	6,1	6,1	II	2013	1	Ортаңғы тобы		«Ұрпақ болашағы тәрбие мен білімде»		Абай №3 807023884 569
2	Бекжан Нұрғұлұлы Әнуарқызы	қазақ	12.06.1963	Орта азия Унив 2011ж	сырттай	Ақылы	Пед. және психолог	25,7	25,7	II	2013	0,5	Ортаңғы тобы	5	«Бала тәрбиесі»		Жандосов көшесі №1 870278427 63
3	Индарбекова Сарсенкул Темірхановна	қазақ	11.07.1984	Жетсай Колледж ОАБ №0378029 2005ж	сырттай	Ақылы	Баст Сын мұғ	5,1	5,1	II		1	I сәбилер тобы	2	«Шынық саң шымыр боламын»		Жансүгіров а №19 870585579 80
4	Әбдіраман Нұрия Мұратқызы	қазақ	18.08.1977	Алматы пед. колледж КОБ №0175750	сырттай	Ақылы	Мек. тәр.	7,3	7,3	II	2013	1	II сәбилер	-	«Балаларға тәрбиені ұлттық көңелер негізінде қалыптастыру»	4	С. Сейфуллин 870575842 58
5	Аманжол Камилә Тілеубекқызы	қазақ	09.07.1970	ОҚМУ ЖБ-Б №0054719 2010ж	сырттай	Ақылы	Мек. дейін оқыту мен тәр-у	5,9	5,9	II		1	I-сәбилер		«Бала тәрбиесіндегі ата-ана мен балабақша ның ықпалы»		Ахан сері №6 8 705692538 7
6	Қуисбаева Нағима Қалдыбаевна	қазақ	30.07.189	ОҚМУ ЖБ-Б №0423407	сырттай	Ақылы	Мек. дейін оқыту мен тәр-у	1	1	-		1	Ортаңғы топ		«Ойынның бала ретіндегі маңызы»		Теле би №45 870549270 08
7	Асанбаева Гүлбану Қалдыбековна	қазақ	02.10.1989	ОҚМУ ЖБ-Б №0191686 2011ж	күндізгі	Ақылы	Баст мұғ	4,2	4,2	II	2017		I сәбилер тобы				Құнанбаев №52 877188552 31
8	Мусаева Шинар Дүйсенбаевна	қазақ	07.05.1985	ОҚМУ ЖБ-Б №07471 25 2006ж	күндізгі	Ақылы	Баст мұғ	4,10	4,10	II	2017		II сәбилер тобы				Қазақстан №112

«Балауса» балабақшасының меңгерушісі:

С.Бедбаева

2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫН ЖОСПАРЛАУ КЕЗІНДЕГІ БАСТЫ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

№	Негізгі құжаттардың атауы	Негізгі құжаттардан алынған іс-шаралар, нұсқаулар
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995ж.	1995жылы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының (ҚР Президентінің жарлығы бойынша 1996 №4,217 құжат, 1998 №20,245 құжат) мынандай өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Заңда әрбір азаматтың мемлекеттік білім беру мекемелерінде тегін орта білім алуға, мемлекеттік жоғары оқу орындарында бағалау негізінде ақысыз білім алуға құқылы. Заңға негізделініп құрылған жеке меншік мекемелерде ақылы білім алуға құқылы. Мемлекет жалпыға міндетті білім беру стандартын бекітеді. Барлық білім беру мекемелері осы стандартқа сай жұмыс атқаруы керек.
2	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы.24.10.2011 ж.	Білім аймағындағы қоғамдық қатынасты осы заң реттейді, мемлекеттік саясат аумағында негізгі принципті белгілейді және Қазақстан Республикасының азаматы білім алуына Конституциялық құқық пен қамтамасыз етуіне бағытталған.
3	Бала құқықтары туралы Конвенциясы. 08.08.2002ж. №345-II.	Балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамытуәлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу.
4.	«Қазақстан Республикасының тілдер туралы» Қазақстан Республикасының 11.07.1997ж. №151-І Заңы.	ҚР тілді қолдану негізгі заңын, осы заң белгілейді, меңгеру және дамыту, мүмкіншілік туғызу, мемлекет міндеті. Тәрбиешілерге: 1. Тіл туралы заңға байланысты мәселе - Мемлекеттік тіл- қазақ тілін дамыту. Балабақшада қазақ тілін оқыту, үйрету үдерісін жаңарту. Орыс тілінде жүргізілетін топтарда оқу-тәрбие жұмысын қазақ тілінде жүргізу. Ойын-сауық, ертеңгіліктер ұйымдастыру. 2. Елге сыйлы танымал, адамдармен ,сазгерлермен кездесу ұйымдастыру, шығармаларымен таныстыру. -Қазақ тілі кабинетінің материалдық базасын көтеру.
5.	IV Қазақстан Республикасының Заңы «Мемлекеттік мүлік туралы» 01.03.2001ж. №413-.	Осы Заң мемлекеттік мүліктің құқықтық режимін, мемлекеттік мүлікті басқарудың құқықтық негіздерін, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мүлікке және жарғылық капиталдағы мемлекетке тиесілі акциялар мен үлестерге, мемлекеттің ұлттық холдингтерге, ұлттық компаниялар мен стратегиялық объектілерге ықпалының аясын айқындайды. Заң мемлекеттің мемлекеттік мүлікке меншік иесі және өзге де құқықтарды иеленуші ретінде құқықтарды тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз етуге; мемлекеттік мүлікті басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар құзыретінің аражігін айқын ажыратуға және осы органдар мен олардың басшыларының мемлекеттік мүлікті басқару саласында мемлекеттің саясатын жүргізуге жауапкершілігін арттыруға; ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялар арқылы мемлекеттік мүлікті корпоративтік басқарудың құқықтық негіздерін белгілеуге, олардың мемлекеттік органдармен нақты өзара іс-қимылын және

		олардың мемлекеттік мүлікті басқару саласында мемлекеттің саясатын жүргізуін қамтамасыз етуге жауапкершілігін айқындауға бағытталған.
6.	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес». ҚР Заңы 23.04.2009 ж.	Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кәінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.
7.	«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Заңы 1993ж. ҚР №19/1 заңы.	Осы Заң ҚР төтенше жағдай кезіндегі өмір сүру ортасы мен қауіпсіз қарым-қатынасының, шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеу әдістерін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды ескерту мен салдарын жоюды реттейді .
8.	«Міндетті мектеп алдындағы даярлық мәселелері туралы», «Өрттен қорғау туралы» ҚР Үкіметінің 22.11.1999ж. №1762 қаулысы.	- Қызметкерлерін өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерімен таныстыру. - Өртке қарсы қолданатын құралдармен толық қамтамасыз ету. - Электр жүйесін тексеруден өткізу, жарамсыз болған жағдайда дереу ауыстыру. - Қызметкерлердің өз міндеттерін жақсы білуін қадағалау. - Халықтың өмірін қорғау мен денсаулығын сақтау, мемлекеттің бөлінбес бөлігі, өрттен сақтау, ұлттық байлықты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету.
9.	ҚР «Азаматтық қорғаныс» заңы 07.05.1997ж. №275	Осы Заң Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғанысының негізгі міндеттерін, құрылуы және жұмыс істеуінің ұйымдық принциптерін, Қазақстан Республикасы орталық, жергілікті өкілді және атқарушы органдарының, ұйымдарының азаматтық қорғаныс саласындағы құзіретін, азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ азаматтардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді.
10.	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 17.02.2012ж. №566-IV	1. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің негізгі ұғымдарын сақтау. Педагогикалық кеңесте және өндірістік мәжілісте еңбек кодексін талқылау. 2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комиссия жұмыс беруші мен қызметкерлердің еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылын ұйымдастырады, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбектің қорғалуына тексеру өткізуді және қызметкерлерді көрсетілген тексерулердің нәтижелері туралы хабардар етуді, ұжымдық шарттың келісімнің еңбекті қорғау туралы бөліміне ұсыныстар жинауды ұйымдастырады. 3. Еңбек саласындағы әлеуметтік әріптестік талаптарын орындау, еңбек шартын жасау және орындау. 4. 239 бабы бойынша мемлекеттік қызметкерлердің (

		жұмысын, еңбек демалысын, жалақысын, көмек ақысын) реттеледі. 5. Жұмыс берушінің және (немесе) қызметкердің не олардың өкілдерінің бастамасы бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комиссия құрылады. Оның құрамына жұмыс берушінің өкілдері, кәсіподақ ұйымының өкілдері немесе қызметкерлердің уәкілетті өкілдері тең құқылы негізде кіреді.
11.	Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытуды 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің №922 жарлығы. 01.02.2010ж	Бағдарламада білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұйымдастырылуы негіз ретінде білім беру мен тәрбиелеуді басқару жүйесінің, білім беру қызметі субъектілерін нақты - ұйымдастырушылық нысандарының және қаржы –экономика тетіктері құрылымындарының, мазмұны мен технологияларындағы өзгерістерді қамтитын ресурстар мен мерзімі бойынша бір-бірімен өзара байланыстағы іс-шаралар кешені болып табылады.
12.	Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы. ҚР Үкіметінің қаулысы. №488 28.05.2008 жыл.	Тұрғын халықтың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының сапалы қызметтеріне деген қажеттілігін қанағаттандыру. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет: - 2015 жылға дейін мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы санынан 70 %-ын қамтамасыз ету; - 2015 жылға дейін 5-6 жастағы балаларды білім беру ұйымдарындағы мектепалды даярлықпен толық қамтамасыз ету; - республикадағы демографиялық жағдайды және тұрғын халықтың білім алуға қажеттілігін ескере отырып мектепке дейінгі ұйымдардың вариативті желісін ұлғайту; - мектепке дейінгі ұйымдардың тапшылығы проблемасын шешу үшін қажетті қаржылық-экономикалық жағдай жасау; - мектепке дейінгі ұйымдарды білікті кадрлармен толық қамтамасыз етуді және үнемі олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру.
13.	Қазақстан Республикасының 2015ж. Білім беруді дамыту туралы тұжырымдамасы. Астана қ.	Тұжырымдама бойынша 12-жылдық білім беруге байланысты баланың жан-жақты білім алуына жағдай жасау. Балабақшада баланың мектепке толық дайындалып баруы үшін мектеп алды топтарын ашу. Әрбір баланың қабілетін қамтамасыз ететін және дамытатын пәндік-кеңістік ортаны құру және педагогтардың шығармашылық әлеуметін іске асыру; үй-жайды тиімді пайдалану негізінде педагогикалық процесті және мамандардың көп функциялы қызметін ұйымдастыру; Тәрбиешілермен, мамандармен және ата-аналармен ынтымақтастық негізінде ересектердің өзара әрекет етуін үйлестіру.
14.	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережесі» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 21.12.2004ж №1353 қаулысы.	1. М.д жастағы балалардың психологиялық- физикалық денсаулығын сақтау және нығайту, таза өмір салтын қалыптастыру. 2. М.д.жастағы балалардың бойында жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарды сіңіруді, олардың қызғушылықтарын қанағаттандыру, ұлттық және жалпы адамзат құндылықтарына бейімдеу, қатынас негізін дамыту, бағдар жасау.
15.	«Педагог	1. Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін

	қызметкерлерді аттестаттау ережесі» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 22.01.2010ж №16 бұйрығы.	аттестаттау тәртібі мен мақсатын анықтайды. 2. Аттестаттаудың негізгі қағидаттары аттестатталатын педагог қызметкерге, объективті, ашықтық және алқалық қатынасты қамтамасыз ететін, ішкі және сыртқы бағалаудың жүелілігі мен тұтастығы болып табылады. 3. Аттестаттау 5 жылда кемінде 1 рет өткізіледі. 4. Республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін аттестаттауды білім беру саласындағы уәкілеттік орган жүзеге асырады.
16.	Мектепке дейінгі ұйымдарды мемлекеттік аттестаттаудан өткізу жөніндегі бағдарлама және әдістемелік ұсынымдар. ҚР БҒМ және ғылым саласындағы бақылау комитеті м.а 06.08.2009ж. № 1125 бұрынғы.	Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудың құрылымы мен мазмұны 1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы 2. Кадрлар құрылымы 3. Тәрбиеленушілер контингенті 4. Оқу-әдістемелік жұмыстар 5. Оқу-тәрбиелік жұмыс 6. Оқу-материалдық активтер 7. Ғылыми –зерттеу жұмысы
17.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Астана 28.11.2008ж. № 628 бұй.	М.ж.д.б. тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартын жасау мен енгізудің объективті қажеттілігін: - м.д.б.б. сақтау мен дамыту қажеттілігі, м.д.б.б. қызметіне балаларды отбасы жағдайында тәрбиелейтін отбасыларға көмек көрсету; - жалпы білім беретін мектептерді 12 жылдық білім беру жүйесіне көшіру. - стандартта белгіленген 5 саланы жүйелі түрде жүзеге асыру;
18.	«Өзін-өзі тану» пәнінің Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Алматы -2010ж	«Өзін-өзі тану» бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты жалпы орта білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік білім беруді ұйымдастырудың нормативтік талаптарын анықтайды. Стандарт жалпы білім беретін барлық типтегі оқу орындарының мұғалімдеріне, білім беру ұйымдарына, басқару саласының мамандарына арналған.
19.	Мемлекеттік мекемелерде ақылы қызметті ұйымдастыру. ҚР Үкіметінің қаулысы 22.09.1999ж.	Мемлекеттік мекемелерде қосымша ақылы қызметті ұйымдастыру- ата-аналардың сұрауымен, оқу бағдарламасына сай оқу-тәрбие жоспарымен, мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізінде жасалған және аудандық және қалалық білім бөлімдерінде бекітілген болуы керек.

20.	«Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» Жолдауы 15.XI.2014ж	-Қолжетімді баспана. - Өңірлерді дамыту. - Экономиканы дамыту. - Жұмыспен қамтамасыз ету. - Индустрияны дамыту - Құқық қорғау органдарының реформасын жасау Ең бастысы білім беру мен денсаулық сақтау қызметін жақсарту. Біріншіден , оқу үрдісіне заман талабына сай әдістемелер мен жаңа технологияларды енгізу. Екіншіден, педагогтардың біліктілігін жоғарлату; Үшіншіден, тәуелсіз жүйені жасай отырып, біліктілікті растау қажет. Қазақ тілі, біздің мемлекеттік тіліміз өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 процентке дейін жететін болуы керек.
21.	Президенттің халыққа жолдауы «Қазақстан 2030» 1998 ж.	Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі дамуына арнаған бағдарлама. Бағдарламада Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы, қоғамның келешек мүмкіндіктері мен мемлекеттің ұлық мұратына деген көзқарасы толық қамтылған. Соның ішінде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізу.
22.	ҚР Үкіметінің 30.12.2011ж. №1684 қаулысымен. «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалары	Бұл санитарлық ереже «Санитарлық –эпидемиологиялық талаптардың мазмұны мен мектепке дейінгі білім беру мекемесінің құрылымы» (сондай-ақ санитарлық ереже) сан-эпид талаптарын орындауды жобалауды, құрылысты, қайта салу, жер тілімі, ғимарат, мекеменің құрал-жабдықтары, тамақты ұйымдастыру, бракераж, ауа-жылу жүйесі, табиғи және жасанды жарықтандыру, құбырларды, күн тәртібі, топтың құрамы, ертеңгілік фильтр, дене тәрбиесі, дәрігерлік көмек, изолятор және климаттық зона ұйымдастыру.
23.	Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқауды бекіту туралы 04.01.2000ж	- Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау және сақтау. - Ойын және шынықтыру алаңдарында баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. - Балалармен серуен жасайтын орындарды алдын ала тексеру, қадағалау.



**«Балауса» бөбекжай балабақшасы МККК-ның
2017-2018 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспары**

№	Білім беру салалары/ білім бөлімдері	«Балапан», I кіші тобы (1-2 жас)	«Құлыншақ» II кіші тобы (3-4 жас)	«Балдәурен» «ортаңғытобы» (4-5жас)
1	«Денсаулық»	3	3	3
	Дене шынықтыру	108	108	108
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері, валеология	-	-	-
2	«Коммуникация»	1	2	2,5
	Сөйлеуді дамыту	18	36	36
	Көркем әдебиет	18	18	18
	Сауат ашу және жазу негіздері	-	-	-
	Ағылшын тілі	-	-	-
	Қазақ (орыс тілінде топтарда)орыс (қазақ тілінде топтарында)	-	18	18
	Драма	-	-	18
3	«Таным»	1	2,5	2,5
	Сенсорика	18	-	-
	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру	-	36	36
	Құрастыру	-	18	36
	Жаратылыстану	18	36	18
4	«Шығармашылық»	2	3	3,5
	Сурет салу	18	36	36
	Мүсіндеу	18	9	18
	Аппликация	-	9	18
	Музыка	36	54	5,4
5	«Әлеуметтік орта»	-	0,5	0,5
	Қоршаған ортамен таныстыру	-	9	9
	Экология негіздері	-	9	9
	Өзін-өзі тану	-	-	-
	Вариативтік компонент	-	1	2
	Қол еңбегі	-	-	-
	Драма	-	-	-
		-	-	-

Әдіскер:

Н.Бекжан

I.3. 2017 – 2018 оқу жылының мақсаттары мен міндеттемелері

к/с	Міндеттемелердің мазмұны	Мақсаттарға жету нәтижелері	
1.	Ұйымдастырылған оқу іс -әрекеттерінде баланың жеке белсенділігін дамыту	-Тәрбиеші –педагог ұйымдастырылған әрбір оқу іс-әрекетінде ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолдарын іске асыру - жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті блім, білік және дағдыларды қалыптастыру. - Тәрбиелеу мен оқыту процестерін қамтамасыз ету, білім беру бағытын әзірлей білу. -Сөйлеуді дамыту, сенсорлық, танымдық дамуға жағдай жасау.	
2.	«Денсаулық» және «Шығармашылық» білім салаларында білім алу күзiреттiлiгiн қалыптастыру	* «Денсаулық» пен «Шығармашылық» білім салаларында қимыл белсенділігін дамыту; балалардың өзіндік шығармашылық қызметін іске асыру • Қимыл белсенділігін дамыту және дене бітімі қасиеттерін қалыптастыру. • Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру. • Қоғамда өзін ұстаудың адамгершілік нормаларын, жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеру. *Ата-аналармен балалардың денсаулығын нығайту, отбасымен байланыс жұмыстарын нығайту.	

2.2.Педагогикалық кеңестер

Мақсаты: Оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыру

к/с	Педкеңестің бағдарламасы мен тақырыбы	өткізілу түрі	мерзімі	жауапты
	<u>№ 1 педагогикалық кеңес</u>			
1	Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша топтардың оқу жылына дайындығы	Педагогикалық талқылау	22 тамыз 2017	Меңгеруші С.Бедебаева
2	«Балауса» балабақшасының 2017-2018 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру және бекіту.			Әдіскер Н.Бекжан
3	Әр топтың 2017-2018 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспарымен, топтардың жасына қарай ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің кестесімен, күн тәртібімен таныстыру және бекіту .			меңгеруші С.Бедебаева
4	Вариативтік оқу іс-әрекеттерін талдау, бекіту			
